

Қазалы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Қазалы ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 30 маусымдағы № 100 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазалы ауданы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 192 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5995 болып тіркелген);

2) "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің кейбір мәселелері туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 192 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазалы ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 23 мамырдағы № 77 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6797 болып тіркелген).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі

А. Есмаханов